

Ұлы жеңіс күнімен!

Мамырдың 9-ы күні қазақстандықтар барлық одақтас республикалардың тұрғындары сияқты жеңіс мерекесін тойлайды. Бұл әрбір қазақстандық үшін ең қастерлі мерекелердің бірі. Жеңіс күні Екінші дүниежүзілік соғыс майданында қаза тапқан біздің солдаттарымызға тағзын етіп, бас иетін күн. Ұлы отан соғысына Кеңестер Одағының барлық республикаларының халқы қатысты. Бұл күнді бүгін фашизмге қарсы күрескен барлық әлемдік қоғамдастық, барлық коалиция атап өтеді. Қазақстанның барлық қалаларының және елді мекендердің басты алаңдарында салтанатты іс-шаралар өтуде және онда Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері марапатталады.

1945 жылдың 9 мамыры күн өткен сайын алыстап барады, бірақ біз бұл күннің біздің аталарымыз бен әжелеріміздің қанымен, жанымен келгенін жақсы білеміз. Сондықтан да жыл сайын соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерімен бірге осынау ауыр да қуанышты мерекені атап өтеміз.

Біз ешқашан да Ұлы Жеңіс жолында жанын қиғандардың ешпес ерліктерін ұмытпаймыз. Ұлы Отан соғысы кезінде қаза болған 27 млн. кеңес адамдарының рухы алдында бас иеміз.

Ұлы Отан соғысының тарихында қаһармандарымыздың, біздің ержүрек

ұлдарымыз бен қыздарымыздың есімдері алтын әріппен жазылып қалды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова және Мәншүк Мәметова және басқалар. Қазақстандық жауынгерлер жан аямай шайқасты, олардың әрбір екініші майдан даласынан оралмады.

Бұл соғыстағы қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесі орасан. Жүздеген мың қазақстандық майдан даласында кескілескен ұрыстарда көз жұмды. Осы соғыста 1 млн. 200 мыңнан астам қазақстандық ұрысқа қатысып, біздің 100 мың жерлесіміз ордендер мен медальдармен марапатталды, 500 қазақстандық ең жоғарғы награда - Кеңестер одағының батыры атағына ие болды. Оның ішінде аты аңызға айналған, Қазақстанда жасақталған Панфилов дивизиясының жауынгерлері бар. Соғыс ардагерлері Қазақстанды соғыстан кейін қайта қалпына келтіруге белсене атсалысты, қалалар салып, селолар тұрғызды.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде мамыр айының басында бірден 3 мемлекеттік мереке қатар тойланатын бірден-бір ел және бұл мерекелер тақырыптық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты. Ең әуелі 1 мамыр мерекесі, қазір бұл мейрам Қазақстан халқының бірлігі күні деп аталады. Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген халық өкілдері Кеңестер Одағының барлық



бұрышынан Қазақстанға көшірілген, жіберілген ғой. Яғни сол кезден бастап осы бірлікке негіз қаланған десе болады. 7 мамыр Отан қорғаушылар күні. Бұл мереке Кеңес әскері мен әскери теңіз флоты күні атап өтілетін 23 ақпанның заңды мұрагері. Биылғы жылы Қазақстанның Қарулы күштері өздерінің 16 жылдығын атап өтеді.

Орал өңірінің тұрғындары да Жеңісті жақындатуға барлық елімізбен бірге өз ұлдарын қосты: майдан даласында қолдарына қару алып соғысса, зауыт цехтары мен ұжымшар даласында

қаһармандық еңбектің үлгісін көрсетті. Қалыптасқан дәстүр бойынша Жеңіс күні мерекесі қарсаңында КПО компаниясы соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне арналған бірқатар қайырымдылық шараларын өткізді, сонымен қатар мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты. Отан қорғаушылар монументінің алдында ескі достар мен қаруластар қайта кездесті. Әрине, олар жылдан жылға азайып келеді. Отан үшін от кешіп, жанын қиғандардың есімін қана емес, бүгінде қасымызда жүрген соғыс қаһармандарын да ұмытпау әрқайсымыздың парызымыз.

Халықаралық жастардың мұнайгаз форумы

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінде 16-18 сәуір күндері 8 Халықаралық жастардың мұнайгаз форумы болып өтті. SPE ұйымдастырған бұл форумға КПО компаниясының өкілдері де қатысты. SPE (Society of Petroleum Engineers) – көмірсутегін өндіруге қатысы бар, жер шарының барлық нүктелерінде өкілеттіліктері орналасқан халықаралық мұнайгаз инженерлерінің қоғамы. Бұл тізімде Қазақстан да бар. Алматыда бұл қоғамның Алматы SPE board кәсіби арнайы бөлімі бар, оған Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті мен Қазақ-Британ университеттерінің екі бөлімінің студенттері біріктірілген. Бұл халықаралық қоғам тарихы АҚШ, Колорадодан, 1913 жылдан бастау алады және қазіргі уақытта бүкіл әлемнің мұнайгаз саласының 73 000 кәсіби маманын осы салада білім мен ақпарат алмастыру үшін біріктіреді.

SPE қызметі мұнай және газ ресурстарын өндіру мен игеруге қатысты техникалық білімді жинау, тарату мен алмасу, сол арқылы мұнайшыларға өздерінің техникалық және кәсіби құзырлығын жақсарту мүмкіндігін беруді көздейді.

SPE Халықаралық жастардың мұнайгаз форумы өндіріс инженерлері мен болашақ мамандардың кәсіби білім алмасулары үшін тамаша құрал болып табылады. Мұндай іс-шаралар жас топқының ғылыми жобалармен айналысуына, мамандардан тәжірибе алуына, сол сияқты жұршылықтың мұнайгаз индустриясы туралы хабардар болу деңгейін көтеруге көмектеседі. Өз кезегінде студент ұйымдастырушылар өздерінің жоба менеджерлері ретіндегі дағдыларын қалыптастырады, командада жұмыс істеуді үйренеді.

Форум үш ірі мұнайгаз компаниясының демеушілік көмегінің арқасында өткені қуантады: BG Kazakhstan (Форумның платиналық демеушісі), Chevron (Алтын демеуші), Maersk Oil, Baker Hughes, Tengischevroil, Schlumberger, OMV Petrom S.A., Halliburton және Karachaganak

Petroleum Operating B.V.

КПО делегациясы Геология және кен орнын игеру бөлімінің мұнайшы инженерлерінен құралған. Олар: Тлеухабылұлы Олжас, Сейлханов Тимур, Бекмұханов Амирбек. Компания қызметкерлерінің көрсеткен газконденсатты кен орнын игеру проблемалары бойынша екі таныстырылымы тыңдарындыр мен басқа мұнай компаниясындағы әріптестерінің, Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінің студенттерінің қызығушылығын туғызды, олар қойылған көптеген сұрақтарға жауап берді. Сол сияқты компания қызметкерлері «Oil Games» интеллектуалдық ойынына төрешілер алқасының мүшесі ретінде қатысты. Онда Қазақстан мен Ресейдің алдыңғы қатарлы мұнай жоғары оқу орындарының студенттері өз салалары бойынша үздік деген ат үшін жарыса түсті.

Форумның екінші күні компания өкілдері мен мамандардың, студенттердің қағысуымен деңгелек үстел өтті. Деңгелек үстел басында мұнайгаз мамандығындағы студенттердің теоретикалық және практикалық дайындығын жақсарту мәселелері, университеттер мен өндірістік компаниялардың іскерлік қарым-қатынасының болашақ мүмкіндіктері туралы өңгіме қозғалып, аталған мәселер талқыланды. Осы жерде КПО компаниясының Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті мен Қазақ-Британ университеттерінің және Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби әлеуеттілігін дамытуға қомақты үлес қосып келе жатқанын айтуға тиіспіз. Жалғыз Геология және кен орнын игеру бөлімінде 2010 жылы инженер-геолог мамандығы бойынша 20-дан астам студент оқу-өндірістік практикадан өтті.

Форум аяқталар күні КПО компаниясы салтанатты жағдайда «Қосқан үлесі және қолдағаны үшін» алғыс хатымен марапатталды.

«Новости Карачаганак» газеті осы материалды дайындауға көрсеткен көмегі үшін Бекмұханов Амирбекке алғыс айтады.

Денсаулық күзетінде

Халыққа медициналық қызмет көрсету қай уақытта да басты мәселелердің бірі болып қала береді. Бұл қызметтердің сапасы көп жағдайда заманауи құрал жабдықтармен қамтылуына да байланысты болады. Ал бөріліктерге бұларды сатып алуда КПО компаниясы көмектесуде. Жаңа аппараттар мен техника сатып алғаннан кейін көрсетілетін медициналық қызмет сапасы мен оперативтілігінің қаншалықты жақсарғанын өз көздерімен көру үшін компания өкілдері аудандық ауруханаға келген еді.

Біз демеушілердің көмегінен қашқан емеспіз, - деп әңгімелейді Бөрлі ауданының бас дәрігері А.А. Алдаңғаров. - Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржыдан бөлек жергілікті денсаулық сақтау саласының проблемаларына біздің ауданымызда жұмыс жасайтын компанияларды тартуға тырысамыз. КПО компаниясының бас директоры Джузеппе Пазинем осындай келісім жасаудың сөті түсті. Соның нәтижесінде 42 мың долларға біздің дәрігерлеріміз ең қажет деп тауып отырған құрал-жабдықтар алдық. Ал олардың тізімі КПО-ның денсаулық сақтау бөлімімен бірлесе отырып жасалды. Бүгін біз жанадан алынған құрал-жабдықтардың тұсаукесерін ұйымдастырып отырғанымызға қуаныштымыз. Бұл достық кездесуге кезтаныс демеушілер – КПО-ның денсаулық сақтау бөлімінің бастығы

Матео Ла Сала және тұрғындармен жұмыс бөлімінің мамандары келді. Әңгімелесуден кейін бас дәрігер Алтай Алдаңғаров қонақтарға құрал-жабдықтар орналастырған кабинеттер мен дәрігерлік бөлімдерді аралап көрсетті. Сатып алынған аппараттардың әрбірі өте қымбат тұрады. Ал олардың қысқа мерзім ішінде кешенді түрде сатып алу жергілікті ауруханаға қыныға түсер еді. Сондықтан да КПО-ның қаржылық көмегі дер кезінде келді. Делегация компьютерлер орнатылып, интернетке қосылған жансақтау бөлімін, дәрігерлер кабинеттерін аралап көрді. Мұнда аурухананың ішкі байланыс жүйесі де орнатылған. Дәрігерлер бүгінде жасалып жатқан ем-дем есебі электронды түрде жүргізілетінін айтты. Қазақстандық медицина саласының әлемдік стандарттарға сәйкестену тенденциясын соңғы уақыттарда ҚР медицинасында жүзеге асырылып жатқан реформалар мен қайта ұйымдастырулардан көруге болады. Ал осының жаңа өзгерістері біздің елімізде жұмыс жасап жатқан шетелдік компаниялар тарапынан қолдау тауып жатқаны қуантады. КПО-ның тұрғындармен жұмыс бөлімінің маманы Ақмарал Адилова былай дейді: «Біздің компаниямыз атынан бөріліктерге мықты денсаулық тілейміз. Соңғы үлгідегі медициналық құрал-жабдықтардың өте қымбат тұратыны жасырын емес, бірақ біздің компаниямыз пациенттерге қызмет көрсету сапасы осыған тікелей байланысты екенін жақсы түсінді. КПО жүзеге асырып отырған демеулік қолдау бағдарламасында әлеуметтік басымдылықтарға баса назар аударылады. Яғни бірінші кезекте жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейлерін жақсартуға бағытталған жобаларға барынша көмек көрсетіледі. Жыл сайын «Ақжайық» санаторийінде Бөрлі ауданынан 180 зейнеткер демалады, ал 140 бала каникул күндерінде «Талап» сауықтыру лагерінде болып қайтады».

Аурухана жұмысымен танысу аудандық аурухана дәрігерлері мен КПО-ның денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлері үшін тиімді шара болды. Бұл күні әріптестер көп жылғы жинақталған тәжірибелері мен практикалары бойынша кеңестер және ұсынбалармен алмасты.



Тілді үйрету - еліміздің мәдениетін таныту

КПО компаниясының шетелдік қызметкерлері үшін орыс тілі курсы КПО-да көп жылдық ұстаздық тәжірибесі бар Хатима Өтепова жүргізеді. Оны әріптестері мейірімді де қайырымды, шыдамды адам ретінде бағалайды.

Орыс тілін үйрену оңай шаруа болмаса да шетелдік мамандар Хатиманың жетекшілік етуімен тілді үйренуді шындап қолға алған. Олар орыс тілін үйрену үшін тілді сезіну қажеттігін және орыс мәдениетін білу қажет екендігін түсінеді.

КПО-ның дамыту және оқыту бөлімінің курстарының жұмыс істей бастағанына быыл он жыл толады. Олар осы уақыт ішінде 500-ден астам адамға біздің елімізде өздерін өз еліндегідей сезінулеріне көмектесті. Осы мерейлі күнге орай «Новости Карачаганака» газетінің тілшісі Хатима Хамзиевнамен кездесіп, сұқбаттасқан еді.

Хатима Хамзиевна, өзіңіз туралы қысқаша айтып беріңізші?

Мен А.С. Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, орыс тілі мен әдебиеті мамандығын алдым. ҚР білім беру ісінің үздігімін.

Ұстаздық тәжірибеңіз қандай, қашан, қай жерде сабақ бердіңіз, қазір ше?

Менің ұстаздық қызметім отыз жылдан астам. Мен Жарсуат орта мектебінде, Ақсай қаласының №2, №3 мектептерінде сабақ бердім. Соңғы он жылда КПО компаниясында шетелдіктерге шет тілі ретінде орыс тілінен сабақ беремін.

Ең бастысы, курс тыңдаушыларың неге үйреткіңіз келеді?

Ең бастысы - шетелдік тыңдаушыларды орысша сөйлеуге үйрету және тіл үйрену барысында қарым-қатынасты жаңа мүмкіндікті ашылатынын сезіндіру. Тіл білу - келген еліңді тереңірек тануға көмектеседі.

Ең маңыздысы - тыңдаушыларыңыздан сіз нені үйрендіңіз?

Біздің оқу орталығы мұғалімдерінің жұмысының ерекшелігі сонда, олар ересек адамдарға сабақ береді. Менің «студенттерім» жоғары кәсіби маман-



дар және үлкен өмірлік тәжірибелері бар. Олардан көп нәрсені үйренуге болады. Олар өздерін еркін ұстауымен, өмірге деген кең көзқарастарымен ерекшеленеді. Олар өздерін кез келген елде жайлы сезінеді, ашық, көпшіл, достықты бағалай біледі, ақкөңіл. Олар ең бастысы - адамдар деп біледі. Мен ең бірінші кезекке жұмысты қойып үйренгенмін, жеке бастың шаруасы сонынан. Олар менің өмірге деген көзқарасымды кей жерлерде өзгертті деуге болады. Ең бастысы - отбасын, ең жақын адамдарың. Осы жағынан бәрі жақсы болса, жұмыста да табысты боласың.

Сіздің жұмысыңызда өзіңіз белгілеген сапа стандарты бар ма, бар болса қандай?

Мен үшін сапа стандарты - курс тыңдаушысының сабаққа келгені және сабақ оның көңілінен шығуы, сабақтан риза болып кетуі мен оның оқуды жалғастыруы. Мен осыларды жұмыс сапасы деп білемін.

Сіздің пікіріңізде, тыңдаушы - мұғалім қарым-қатынасындағы ең маңызды нәрсе не?

Мүмкін, өзара түсіністік, сыйластық, шығармашылық өрлеу және ол сені кәсіби маман ретінде танып, сенім білдіруі шығар.

Сіздің қай кәсіби жеңісіңіз (сәттілігіңіз, табысыңыз) маңызды деп ойлайсыз?

Сенің студентің олимпиадада, не бір байқауда жеңіп шықса бұл стандартты кәсіби жеңіс болып саналады. Менің жұмысымда менің тыңдаушымы әріптестерімен, ресми кездесулерде орыс тілінде сөйлеуге тырысып, таныстырылымдар өткізсе, тіпті болмағанда орысша амандаса, орысша алғыс айтса соның өзі жеңіс сияқты. Қазір жобанда шетелдік мамандар саны азаюда, жергілікті кадрлар санын арттыру процесі жүруде. Менің көптеген тыңдаушыларым Қарашығанақ жобасынан кетуде. Мен олардың кәсіби өсу баспалдағында орыс тілі сабағы маңызды тетіктердің бірі болғанын мақтан етемін және олардың осындағы жұмысы барысында белгілі бір роль атқардым деп ойлаймын. Ұстаздық қызмет бағалануы қиын, күрделі, әрі құрметті ғой.

Адамдардың бойындағы қандай

қасиетті ерекше бағалайсыз?

Адамдардың парасаттылығын, шыншылдығын бағалаймын.

Сіздің өміріңізде маңызды роль атқарған қандай үш кітапты атап едіңіз?

Қарапайым тілмен айтсам: классиканы оқу керек дер едім. Бұрынғы қолға түспейтін кітаптардан: Булгаковтың «Мастер и Маргаритасы», Замятиннің «Мы», Солженициндікің «Матренин двор» атты шығармалары.

Жер біндегі сіздің ең сүйікті орныңыз?

Менің үйім, менің отбасым.

Сіздің ең жақсы көретін күніңіз, бұл...

Дәл қазіргі уақытта немерелеріміздің дүниеге келуі. Бірақ жақсы күндер әлі де алда деп ойлаймын.

КПО-дағы жұмыс сізді несімен қызықтырады?

КПО-да жұмысқа және кәсіби өсуге барлық жағдайлар жасалған. КПО-да жұмыс жасап жүріп мен Лондон, Мәскеу, Алматы қалаларында кәсіби білім көтеру курстарына қатысу мүмкіндігіне ие болдым. Мен орыс тілін шет ел тілі ретінде оқытудың озық әдістерімен таныстым.

КПО-ның дамыту және оқыту орталығының сіз сабақ берген басқа да оқу орындарынан өзгешелігі қандай?

КПО-ның дамыту және оқыту орталығы біздің жүйемізде құрылған ең тамаша орталық деп білемін. Бұл заман ағымына сай алдыңғы қатарлы оқу орталығы. Мұнда оқуға, өз білімін дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалған. Бізде жақсы менеджмент бар, тамаша мұғалімдер мен өкімгерлер жұмыс жасайды.

Сіз өзіңіздің қазіргі және болашақ тыңдаушыларыңызға не айтар едіңіз?

Мен өзімнің барлық тыңдаушыларыма ризамын, олардың өздері үшін қиын тілді оқып үйренуге уақыт тапқандары үшін алғыс айтамын. Жұмыста табыс және өмірде көп қуаныштар тілеймін. Қазақстанда көбірек қалып жұмыс жасауына тілектеспін.

Асхаттың жұлдызды сәті

Берлі ауданы, Ақсай қаласының тұрғыны, КПО қызметкері, яғни Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде (КПК) мұнайды қайта өңдеу супервайзері болып жұмыс жасайтын Аделей Сисемалиев өз баласын орынды мақтан ете алады. Оның баласы алтыншы сынып оқушысы Асхат Сисемалиев Ресейдің СТС телеканалындағы «Ең ақылды» («Самый умный») хабарының жартылай финалына өтті.

Асхатты қарапайым бала деуге келмейді. Өйткені осы он екі жасар бала классикалық әдебиетті сүйіп оқиды және Лев Толстойдың атақты романы «Соғыс және Бейбітшілік» оқуды армандайды. Өзірге ата - анасы жасының кішілігіне байланысты рұқсат етпей отыр.

Егер басынан түсіндіріп айтсақ: Асхат Ақсай қаласының №3 мектебінің алтыншы сынып оқушысы. Оқу үздігі. Сырттай өз қатарларынан өзгешеленбесе де, өмірге ойлы көзқарас басым. Үстел теннисін ойнайды немесе аулада балалармен ойнағанды жақсы көреді.

Бірақ оның басты қызығушылығы кітаптарда. Әсіресе орасан ақпараттар жинақталған әртүрлі энциклопедияларды жақсы көреді. Қалай қайтқанда да Асхат ертегілер мен балаларға арналған әңгімелерден әлдеқашан шыққан бала. Егер оның құрбы-құрдастарына біздің Жер атты планетада өмір сүретінін және оның дөңгелек екендігі жеткілікті болса, Асхат күн жүйесінің пайда болу тарихы, жұлдыздардың пайда болу теориясы туралы ғалымдардың трактаттарын елжей-тегжейлі оқиды, қара тесіктер жұмбағы қызықтырады. Басқа саларда да осылай деуге болады. Соның ішінде медицинаға көп көңіл бөледі. Болашақта хирург болып, адамдар өміріне арасышы болғысы келеді. Арманы орындалу үшін алғашқы қадамдарды жасап үлгерді деуге болады: институтта қажет болатын мектеп бағдарламасын мықтап қолға алған, медициналық әдебиетті, сол сияқты дәрігер оқымыстылардың өмірбаяндарын оқиды.

Міне, осындай білімімен Асхат Ресейдің СТС телеканалындағы «Ең ақылды» («Самый умный») интеллектуалдық бағдарламасының фанаты болуы тегін болмаса керек. «Ең ақылды» («Самый умный») интеллектуалдық бағдарламасында төрт раунд бойына жүргізуші Тина Канделаки қатысушыларға күрделілігі әртүрлі деңгейдегі сұрақтар қояды. Дұрыс жауаптар санының көптігі келесі раундқа шығуға кепілдік береді.

«Ең ақылды» деген құрметті атаққа он екі қатысушы таласады. Бірінші раундта жалпы білім тексеріліп, алты ойыншы екінші раундқа өтеді. Онда тақырыптық категорияларға байланысты ойын күрделене түседі. Үшінші раунд - финалда интеллектуалдық байқаудың жеңімпазы анықталып, ойынның басты трофеі - алтын суыраға ие болады.

Осы білімпаздар байқауынан әртүрлі елдердің ақылды балаларының білім сайысын көріп жүрген Асхатта соған қатысқан деген арман пайда болады. Бұл ойын ата анасына да айтып көреді, бірақ олар Асхаттың назарын музыкаға, спортқа аударуға тырысады. Бірақ бала жігерлілік танытып, бағдарлама сайтына тіркеледі. Сөйтіп, өз күшін сынап көрмекші болады.

Сөйтсе, бесінші сыныптың баласы үшін ол мүмкін емес екен. Асхат жаңа оқу жылын, алтыншы сыныптың басталуын асыға күтеді.

«Ең ақылды» («Самый умный») хабарының сайтына тіркелісімен он лайнда байқаулар, викториналар қызу жүреді. Мәсеуден хабар редакторлары телефон шалып, тапсырмалар бере бастайды. Сөйтіп, телефон арқылы екі іріктеу турынан өтеді. Содан кейін біраз уақыт тыныштық орнайды. Бәрінен белгісіздік қиын дейді ғой. Осы хабар күткен уақытта ол қатты уайымдайды, қатты қиналады. Өрине, ата-анасы жұбатпауға, қолдау көрсетуге тырысады.

Міне, күткен күн де келіп жетті. Мәскеуден бағдарламаның кастинг-редакторы телефон шалған күнгі қуанышты көрсенді. Кастинг-редактор Асхатпен телефон арқылы үшінші іріктеу турын өткізеді. Екі күннен кейін Мәскеуге, бағдарламаның түсіріліміне шақырылады. Бұл деңгейің Асхатқа ғана емес, барлық тұма-туыстар үшін де, әсіресе, оның мектебінің мұғалімдері мен оқушылары үшін тосын жаңалық болды. Сыныптастары Асхаттың «Ең ақылды» («Самый умный») хабарының түсіріліміне баратынына және ең жылдам сөйлейтін Ресей тележүргізушісі Тина Канделакимен сөйлесетініне сенер-сенбестерін білмеді.

Асхат папасымен бірге Мәскеуге аттанды. Осы жерде бару-келу шығынын бағдарламаның ұйымдастырушылары көтергенін айтуға тиіспіз. Ата аналарымын міндеті баланы бағдарлама шартына сай киіндіру ғана болды.

Ресей астанасы оларды үлкен қонақжайлықпен қарсы алды. Сондықтан жас талант түсірілімі біткеннен кейін папасымен бірге бірнеше күн бойы қаланың көрнекті жерлерін аралап, қыдырды. Соңынан Астана мен Мәскеу қалаларының қайсысы ұнады деген сұраққа былай деп ойлы жауап берді: «Бұл қалаларды еш салыстыруға болмайды. Астана - Қазақстанның астанасы, ал Мәскеу - Ресейдің астанасы. Олардың ерқайсысы өзінше әдемі».

Асхаттың айтуы бойынша түсірілімге бір күн кеткен. Әрбір қатысушымен камера алдында өзін қалай ұстау керектігі жайлы жеке әңгіме жүргізіледі. Танысуға берілген мүмкіндікті пайдаланып олар бір-бірімен сыйлықтар алмастырады. Асхат өз қарыластарына мамасы берген жалаушалар мен «Қазақстан» шоколадын сыйлайды.

Бір-бірімен жақсы достасқан балалар қазір Интернет арқылы хабарласып, өздерінің қатысқан хабары туралы, бағдарламаның жаңа түсірілімдері туралы немесе өздерінің басқа да әңгімелерін айтып жатады.

Асхат тележүргізуші Тина Канделакимен сөйлескенін айтады. Тележүргізуші біз теледидардан көріп, ойлағанымыздай қатал емес дейді ол. Шын мәнінде ол өте тартымды адам, онымен әртүрлі тақырыпта сөйлесу әрі қызықты, әрі жеңіл.

Бағдарламаның басында аздап толқығанын рас дейді Асхат. Залда папам және ойламаған жерден келген басқа да туыстарым отырығанына қарамастан өзіме-өзім келе алмадым. Өйткені онда тек ақылдылар жиналған ғой. Бір кезде бар жігерімді жинап, бұл менің қолымнан келеді дедім. Сол-ақ екен барлық тапсырмалар оңай сияқты көрініп кетті.

Сисемалиевтер әулетіне қарасты бүкіл тұма-туыс Асхатпен бірге толқыды. Бірге уайымдады. Бүкіл мектеп Асхатты күтті. Оның қарындасы Саиданың ұйымдастыруымен әрбір он минут сайын интернетте жаңа ақпарат шығып тұрды. Ал Асхаттың жартылай финалға өткендігі жайлы хабар барлығын дүр сілкіндірді десе болады. Бұл күн оның жақындары үшін бір ерекше күн болды.

Асхаттың анасы осы жерде баласына тамаша білім берген ұстаздарының еңбегін атап өткісі келеді. Олар сынып жетекшісі А.Е. Мұқашева, орыс тілінің мұғалімі Ф.М. Шахимұратова, математика мұғалімі Л.Д. Ромашина және де алғашқы ұстазы Т.А. Воскобой. Сонымен бірге оқушысының осы бағдарламаға қатысуы үшін қолынан келгенін бәрін жасаған мектеп директоры Н.А. Шиганаковаға да мың алғыс айтады.

«Новости Карачаганака» газеті де Асхатты жеңісімен құттықтайды және жаңа табыстар, жаңа биіктер тілейді.